

**«Қой шаруашылығы» бағыты бойынша
«Етті-майлы қой шаруашылығын жүргізу технологиясы»
тақырыбына өткізілген консультация туралы
ЕСЕП**

Кеңес өткізу уақыты:

«06» 10. 2023 ж.

Кеңес өткізу орны: Жәңгір хан атындағы Батыс қазақстан аграрлық техникалық университет, Жәңгір хан көшесі, 45

**Басқарма төрағасы
КеАК**



Эксперт:

Наметов А.М.

Галимуллина М.Р.

Кеңес беру туралы

ЕСЕП

1) Қазіргі уақытта Қазақстанның қой шаруашылықтарында қой шаруашылығының технологиясын жүргізуге, зоотехникалық есеп жүргізуге немқұрайлы қарау басты мәселе болып қалып отыр. Мал басының сапасын арттыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың елеулі кемшілігі – асыл тұқымды мал басының төмен пайызы, мал бағатын адамдардың жоқтығы. Таза тұқымды мал қалыпты азықтандыру және қоректену жағдайында тұқымның пайдалы қасиеттерін дәйекті түрде тұқым қуалайтыны және оны көбейту қой шаруашылығында өнімділігін жалпы арттырудың ең маңызды шарт екені белгілі.

2) 1. Селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстардың алғашқы есебін жүргізу, биркалау, чиптеу және татуировкалау әдістерін қолдана отырып қойларды идентификациялау, сондай-ақ ақпараттық-аналитикалық ресурстарда зоотехникалық шараларын тіркеуін жүргізу («ИАС» ИСС); 2. Әртүрлі жыныстағы және жас топтарындағы қойларды бағалау (бонитировкалау) бойынша кешенді жұмысты дер кезінде ұйымдастыру. Қойларды сұрыптау және жұптау нәтижелерін есеппен жүргізу;

3. Биометриялық әдісті қолдана отырып, технологиялық процестер кезінде алынған цифрлық мәліметтерді өңдеу; 4. Сондықтан жеке қосалқы шаруашылықтар мен шаруа қожалықтарында зоотехникалық есеп құжаттамасын жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлеу қажет.

3) фермер мамандандырылған етті-майлы бағытындағы қылшық жүнді құйрықты қойларды бағалауын игереді, бағалау нәтижелері бойынша жиынтық акт жасау керек, республикалық қой шаруашылығы палатасына асыл тұқымды мәртебесін беру туралы өтінішті жіберуді игереді;

4) Тұрғындар мен тауар өндірушілердің зоотехникалық құжаттаманы жүргізудегі білімі таза тұқымды және асыл тұқымды малдарды көбірек өсіруде, сондай-ақ олардың өнімін және асыл тұқымдық сапасын арттыруда, жетістік болып табылады, сондай-ақ еңбек пен ақшаның төмен шығынымен өз өнімін өндіру мен реализациялауды арттыруды қамтамасыз етеді.

